

"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, іске асыру мониторингі және осы тапсырыстың нәтижелерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 18 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 407 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2022 жылғы 27 қыркүйекте № 29850 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, іске асыру мониторингі және осы тапсырыстың нәтижелерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 18 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17315 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-1-бабының 3) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:";**

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидалары бекітілсін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, іске асыру мониторингі және осы тапсырыстың нәтижелерін бағалау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрі*

*Д. Қыдырәлі*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратуrasesы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бәсекелестікті қорғау және

дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрія және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан

Республикасы Қаржы нарығын

реттеу және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Корғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Стратегиялық жоспарлау және реформалар

агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігі

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының Экология,  
геология және табиғи ресурстар министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Акпарат және қоғамдық  
даму министрі  
2022 жылғы 26 қыркүйектегі  
№ 407 Бұйрыққа  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қоғамдық даму министрінің  
2018 жылғы 15 тамыздағы  
№ 18 бұйрығымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – Заң) 4-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы мемлекеттік органдың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысын қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру – мемлекеттік органның құзыретіне сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын жоспарлау процесі;

2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингі – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы туралы ақпаратты жинау, өндөу және талдау;

3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалау – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру тиімділігін талдау;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау, үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттарды қалыптастыру және олардың тиімділігін бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, оның ішінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар;

5) мұдделер қақтығысы – тәуелсіз сарапшылардың немесе сараптамалық кеңес мүшелерінің жеке мұдделілігі объективті шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін жағдай;

6) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алудың электрондық қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі.

## **2-тaraу. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру тәртібі**

3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру мемлекеттік органның құзыретіне сәйкес ақпаратты жинаудан, белгіленген қызмет саласындағы ахуалды талдаудан, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарын жоспарлаудан, бюджеттік өтінімге енгізуден және оны Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен қараудан тұрады.

4. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) зандалық;
- 2) Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру тиімділігін арттыру;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік міндеттерді шешуге қатысуы ;
- 4) үкіметтік емес ұйымдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс процесінің жариялышы мен ашықтығы.

5. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру респубикалық және жергілікті бюджетте көзделген шығыстар шегінде жүргізіледі.

6. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары, сондай-ақ Заңың 5-бабында көзделген салалар бойынша халықтың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін бағалау деректері негізінде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру төрт кезеңде іске асырылады.

1) Бірінші кезең – ақпаратты жинау және жағдайды талдау.

Жағдайды талдау үшін:

халықтың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін бағалау деректері. Халықтың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін бағалауды мемлекеттік органдар кемінде екі жылда бір рет жүргізеді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдықтары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары;

әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды тексеру, іске асыру мониторингі және нәтижелерін бағалау қорытындылары;

стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ресми статистикалық есептер;

әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері;

үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары;

бұқаралық ақпарат құралдарының контент-талдау нәтижелері;

тәуелсіз сарапшылардың қорытындылары;

"Ашық диалог" интернет-порталында сауалнамалар мен интернет-конференциялар ақпарат көздері болып табылады.

2) Екінші кезең – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын жоспарлау. Мемлекеттік органдар талдау негізінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын қалыптастырады және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті жылға жоспарланатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптары туралы ақпаратты үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен жария талқылау үшін өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын мемлекеттік органның интернет-ресурсында жария талқылау мерзімі олар орналастырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннен кем емес.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын жария талқылау мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен ескертулер және (немесе) ұсыныстар қаралмайды.

Мемлекеттік органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптары бойынша ескертулерді және (немесе) ұсыныстарды жария талқылау аяқталғаннан кейін 3 (үш)

жұмыс күні ішінде қарайды және негізdemелерін көрсете отырып, оларды қабылдау не қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын жария талқылаудың аяқталғаны туралы есепті қалыптастырады және өзінің интернет ресурсында жариялады.

3) Ушінші кезең – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын уәкілетті орган жанындағы Үйлестіру кеңесінің немесе мемлекеттік органдар жанынан құрылатын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестердің қарауына енгізу.

Орталық мемлекеттік органдар жыл сайын 5 қантардан кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жария талқылаудан кейін тиісті жылға арналған іске асырылуы жоспарланып отырған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың әлеуметтік жобалары және (немесе) әлеуметтік бағдарламалары туралы ақпаратты (бұдан әрі – Ақпарат) жібереді.

Уәкілетті орган Ақпаратты уәкілетті орган жанындағы Үйлестіру кеңесінің қарауына шығарады.

Уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдарға құзыretіне сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптары бойынша уәкілетті орган жанындағы Үйлестіру кеңесінің ұсынымдарын жібереді.

Жергілікті атқарушы органдар Ақпаратты жыл сайын 1 тамызға дейін тиісті деңгейдегі кеңестердің қарауына шығарады.

Мемлекеттік органдар уәкілетті орган жанындағы Үйлестіру кеңесінің немесе мемлекеттік органдар жанынан құрылатын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің ұсынымдары негізінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарының тізбесін қалыптастырады және Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17314 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес техникалық ерекшеліктердің жобаларын әзірлейді.

4) Төртінші кезең – Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік өтінімге қосу. Техникалық ерекшеліктерді әзірлегеннен кейін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік өтінімге мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландырудың тақырыптары мен көлемін енгізеді.

Бюджет бекітілгеннен кейін мемлекеттік органдар Ақпаратты жыл сайын 25 қантарға дейін өздерінің интернет-ресурсында орналастырады және уәкілетті органға жібереді.

### **3-тарау. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуына мониторинг жүргізу тәртібі**

8. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингін мемлекеттік органдар жүргізеді және әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету бойынша уақтылы, сапалы шаралар қабылдау мақсатында ұқіметтік емес ұйымдар ұсынатын ақпаратты жинауды, өндөуді және талдауды қамтиды.

9. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингін мемлекеттік органдар әлеуметтік жобаны іске асыру мерзіміне байланысты күнтізбелік жылына кемінде 2 (екі) рет, бірақ 5 (бес) реттен асырмай мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізеді:

1) жоспарды орындау процесі (бұрын техникалық ерекшелікте көрсетілген орындалған жұмыстың және (немесе) көрсетілген қызметтің орындалған іс-шаралар тізбесіне сәйкестігі);

2) Стандарттың 8-тармағына сәйкес әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижесінде нысаналы аудиторияның қанағаттану деңгейі;

3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша іске асырылған әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар шенберінде халықтың атаулы топтарын қамту;

4) оқыту, консультативтік, ақпараттық және әдістемелік, зерттеу-талдамалық қызметтерге, азаматтық (ресурстық) орталықтың іс-шараларын және жұмысын үйімдастыруға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орналастырылған кезде, Стандартқа сәйкестігі көрсеткіштері бойынша жүргізеді.

Әлеуметтік жобаларға мониторинг жүргізу кезінде мынадай екі және (немесе) одан да астам құрал пайдаланылады:

индикаторлар мен күтілетін нәтижелерді талдау – жоспарланған нәтижелерді нақты деректермен салыстыру арқылы жобаның іске асырылу барысын қадағалау;

"Күпия сатып алушы" әдісі – жобаны іске асыру кезінде көрсетілетін қызметтердің деңгейі мен сапасын қадағалау;

сауалнама және сұхбат – зерттелетін тақырыпқа қатысты деректерді алу мақсатында бастапқы ақпаратты жинау, жобаны іске асыруға қатысты бенефициарлардың бағалау/ қанағаттану/қабылдау динамикасын анықтау және қадағалау;

құжаттаманы зерделеу – жобаның іске асырылуы туралы нақты және жан-жақты ақпарат алу және жоба бойынша ақпарат беруші ұсынатын ақпараттың дұрыстығын белгілеу мақсатында ұсынылатын ақпаратты, есептерді, растайтын құжаттарды, оның ішінде қаржылық құжаттарды талдау;

әлеуметтік желілердің мониторингі – жоба бойынша әлеуметтік желілерде ескертпелерді немесе жарияланымдарды іздеу, сондай-ақ халық арасында ақпараттың

таралуын зерделеу мақсатында, сондай-ақ жобаға қатысушылардың және (немесе) бенефициарлардың көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын кезде, мемлекеттік органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың мониторингін дербес жүзеге асырады.

Әлеуметтік жобаның сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын кезде, мемлекеттік органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың мониторингін дербес жүзеге асырады.

Әлеуметтік жобаның сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен асатын кезде, мемлекеттік органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың мониторингін жүзеге асыру үшін үкіметтік емес ұйымдар мен олардың өкілдері қатарынан тәуелсіз сарапшыларды тартады.

Тәуелсіз сарапшылар мемлекеттік органға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен мұдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы хабарлама береді.

Тәуелсіз сарапшылар мониторингті жүзеге асыру кезінде үкіметтік емес ұйымдардан жобаның техникалық ерекшелігінің талаптарына және шарттық талаптарына сәйкес ақпарат пен құжаттарды сұратады.

Бір әлеуметтік жобаның мониторингін жүзеге асыруға бір сарапшыдан артық талап етілмейді.

10. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингі қорытындысы негізінде әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды дер кезінде қабылдау мен іске асыру қимылын бақылау үшін әрбір әлеуметтік жобаларға және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларға есеп жасалады.

11. Уәкілетті орган мемлекеттік органдармен жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру қорытындысы жөніндегі ақпаратты әзірлейді және оны жыл сайын 31 наурызға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолдайды.

12. Мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шенберінде әлеуметтік жобалардың іске асырылу қорытындылары және нәтижелерін бағалау туралы ақпаратты өздерінің интернет-ресурстарында орналастырады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалау тәртібі**

13. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалау:

1) қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу түрғысынан әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру жобаның тиімділігін анықтау;

2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көрсетілген қызметтерге қанағаттану деңгейін және әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың нысаналы топтарға ықпалы деңгейін анықтау;

3) әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар жоспарлау үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырманы қалыптастырудың кейінгі процесіне негіздененің болуы;

4) бағаланатын әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды іске асырудың жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстардың беру мақсатында жүргізіледі.

14. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалау тікелей әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама аяқталғаннан кейін көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылғанға дейін жүргізіледі.

15. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылған барлық әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың нәтижелерін бағалау жүргізіледі. Іске асырылу мерзімі бір жылдан асатын әлеуметтік жобалар жобаларды іске асыру қорытындысы бойынша бағаланады.

16. Бағалауды мемлекеттік органдар жанынан азаматтық қоғам өкілдері қатарынан алдағы күнтізбелік 3 (үш) жыл мерзімге құрылатын сараптамалық кеңестер жүргізеді.

Мемлекеттік орган сараптамалық кеңесінің мүшесіне үміткерлерді іріктеу кезінде сараптамалық кеңесі жұмысына жариялышық және ерікті қатысу қағидатына негізделеді. Сараптамалық кеңесінің құрамына енгізу үшін кандидатуралар мемлекеттік орган өзінің интернет-ресурсында сараптамалық кеңесінің құрамын қалыптастыру туралы хабарландыру жариялағаннан кейін өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылады.

Кандидатуралар хабарландыру жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынылмаған кезде, мемлекеттік орган сараптамалық кеңестің құрамын жеке-дара қалыптастырады.

Сараптамалық кеңестің алдын ала құрамы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің келісіүне енгізіледі.

Сараптамалық кеңесінің мүшелері өз қызметін қоғамдық бастамаларда жүзеге асырады.

Сараптамалық кеңесінің мүшелері мемлекеттік органға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен мүдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы хабарлама ұсынады.

17. Бағалау мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуын мониторингтеу қорытындылары мен есептер негізінде жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша 1-ден 5-ке дейін балмен есептеледі:

1) әлеуметтік жобалардың орындалу нәтижелері (іс-шаралардың мазмұны мен мерзімдерінің көрсетілетін қызметтерді орындау кестесіне сәйкестігі, әдістерді, рәсімдерді сактау, қойылған мақсаттарға қандай шамада қол жеткізілгені);

2) әлеуметтік маңызы бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге әлеуметтік жобалардың оң әсері (нысаналы аудиторияның мүдделілік және мұқтаждықтарын қанағаттандыру деңгейі, әлеуметтік жобалар шенберінде халықтың атаулы топтарын қамту, әлеуметтік міндеттерді шешудің нақты нәтижелері);

3) әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама шенберінде басталған қызметті жалғастыру ықтималдығы. Аталған өлшемшарт шенберінде әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы бағаланады;

4) әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелері бойынша ұзақ мерзімді оң әлеуметтік әсердің ықтималдығы. Аталған өлшемшарт шенберінде әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша нысаналы топтың көрсетілген қыметтерді (өнімді, нәтижені) алу процесіне қанағаттану деңгейі бағаланады.

Сараптамалық кеңесінің мүшелері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әрбір жобаға бағалау жүргізеді.

19. Мемлекеттік органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс нәтижелерін бағалау аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырыстың нәтижелерінің есебін қалыптастырады және мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы көрсетілген қызметтер актісіне қол қою кезінде мемлекеттік сатып алу веб- порталында орналастырады.

20. Әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша көрсетілген қызметтер актісіне мемлекеттік орган мемлекеттік сатып алу веб- порталында әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс нәтижелерін бағалау есебін орналастырғаннан кейін қол қояды.

21. Мемлекеттік органдар жыл сайын жартыжылдықтың қорытындылары бойынша, 5 шілдеге дейін және жылдың қорытындылары бойынша 5 ақпанға дейін уәкілетті органға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісіті жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шенберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың мониторингі жөніндегі есепті ұсынады. Есеп Excel (Эксель) форматында қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу  
мониторингі және нәтижелерін  
бағалау қағидаларына

1-қосымша

Нысан

**20\_\_ жылға жоспарланған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптары туралы ақпарат**

№	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланған тақырыбы	Қаржыландырудың жоспарланған көлемі (мың теңге)	Ақпарат көзін көрсетілген негіздеме	Халықтың нысаналы тобы	Күтілетін нәтиже
1					
2					
3					

**20\_\_ жылғы " " жағдайы бойынша**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асрылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарын жария талқылаудың аяқталуы туралы есеп**

№	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланған тақырыбы	Авторын көрсете отырып, ескертулар және (немесе) ұсыныстар (қысқаша мазмұны)	Ескертулердің және (немесе) ұсыныстардың қабылданбауы бойынша негіздемесі бар мемлекеттік органның қорытындысы
1			
2			
3			

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асрылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Жария талқылаудан кейін 20\_\_ жылға арналған іске асрылуы жоспарланыш отырған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың әлеуметтік жобалары және (немесе) әлеуметтік бағдарламалары туралы ақпарат**

№	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атаяу	Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атаяу	Жоспарланған сомасы (мың теңге)	Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның қысқаша мазмұны

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

1-сала. Білім беру, ғылым, ақпарат, дene шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу

1				
2				
Жиынтында				

2-сала. Азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насыхаттау

1				
2				
Жиынтында				

3-сала. Қоршаған ортаны қорғау

1				
2				
Жиынтында				

4-сала. Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау

1				
2				
Жиынтында				

5-сала. Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу

1				
2				
Жиынтында				

6-сала. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау

1				
2				
Жиынтында				

7-сала. Жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету

1				
2				
Жиынтында				

8-сала. Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу

1				
2				
Жиынтында				

9-сала. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, занды мүдделерін қорғау

1				
2				
Жиынтында				

10-сала. Мәдениет пен өнерді дамыту

1				
2				
Жиынтында				

11-сала. Тарихи-мәдени мұраны қорғау

1				
2				
Жынында				
12-сала. Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті ныгайту				
1				
2				
Жынында				
13-сала. Өздерінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу				
1				
2				
Жынында				
14-сала. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу				
1				
2				
Жынында				
15-сала. Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу				
1				
2				
Жынында				
16-сала. Волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау				
1				
2				
Жынында				
17-сала. Өмірлік күн жағдайда жүрген адамға (отбасына) көмек көрсету				
1				
2				
Жынында				
18-сала. Жануарларға жауапты қарауды қалыптастыру, оның ішінде жануарларға арналған панажайларды қолдау				
1				
2				
Жынында				
19-сала. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар салалар бойынша				
1				
2				
Жынында				

Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу

мониторингі және нәтижелерін

бағалау қағидаларына

4-қосымша

Нысан

Кімге:

---

(мемлекеттік органның атауы)

Кімнен:

---

(сарапшының тегі, аты,

әкесінің аты

(бар болған кезде)

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен  
мұдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы (керегінің астын сыйзу)  
хабарлама

Мен

(сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы мемлекеттік органмен және  
мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен  
мұдделер қақтығысының болмауы туралы хабарлаймын, тәуелсіз сарапшы  
ретінде өзімнің қызметімді жүзеге асыру кезінде әділдік және объективтілік  
қағидаттарын мұлтіксіз сақтаймын.

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы мемлекеттік органмен және  
әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен мұдделер  
қақтығысының болуы туралы (керегінің астын сыйзу) хабарлаймын.

Сіз үкіметтік емес ұйымның мүшесі (қатысушысы), құрылтайшысы (керегінің  
астын сыйзу) болып табыласыз ба (егер солай болса, онда үкіметтік емес ұйымның  
атауын

көрсетіңіз):

---

Сіз басқару органының мүшесі, үкіметтік емес ұйымның басшысы болып  
табыласыз ба (егер солай болса, онда басқару органын, үкіметтік емес ұйымның  
атауын және атқаратын лауазымыңызды көрсетіңіз):

---

Сонғы үш жыл ішінде Сіз үкіметтік емес ұйымнан көрсетілген қызметтер немесе  
тікелей қаржылық қолдау үшін төлем алдыңыз ба (егер алсаңыз, онда нақты  
қандай қызметтер және үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):

---

Сізде үкіметтік емес ұйымның жұмыскерлерімен жақын туыстық байланыстарыңыз бар ма (егер солай болса, жұмыскердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде), ол жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымның атауын, туыстық деңгейін көрсетіңіз):

Сізде басқа ықтимал мұдделер қақтығысы бар ма (егер болса, көрсету керек):

Мен мұдделер қақтығысына қатысты саясатты түсінетінді және аталған хабарламаны толтыру кезінде сенімді ақпарат беретінді растаймын.

20 \_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу  
мониторингі және нәтижелерін  
бағалау қагидаларына  
5-қосымша  
Нысан

### Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалардың іске асырылуы мен нәтижелерін бағалау туралы ақпарат

Әлеуметтік жобаның атауы	Өнім берушінің атауы	Шарт сомасы (мың теңге)	Мақсаттары мен міндеттері	Жобаны іске асыру кезеңі	Әлеуметтік жобаны орындау процесі және өткізілген іс-шаралар	Нәтижелері (қойылған мақсаттарға қандай деңгейде қол жеткізуге болады)	Жобаның бағалау (орташа бағасы)
--------------------------	----------------------	-------------------------	---------------------------	--------------------------	--------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------	---------------------------------

Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу  
мониторингі және нәтижелерін  
бағалау қагидаларына  
6-қосымша  
Нысан  
Кімге:

(мемлекеттік органның атауы)  
Кімнен:

---

---

(сарапшының тегі, аты,  
әкесінің аты  
(бар болған кезде)

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен мұдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы (керегінің астын сыйзу)  
хабарлама

Мен

(сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы мемлекеттік органмен және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен мұдделер қақтығысының болмауы туралы хабарлаймын, тәуелсіз сарапшы ретінде өзімнің қызметінді жүзеге асыру кезінде әділдік және объективтілік қағидаттарын мұлтіксіз сақтаймын.

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы мемлекеттік органмен және әлеуметтік тапсырысты іске асыратын үкіметтік емес ұйыммен мұдделер қақтығысының болуы туралы (керегінің астын сыйзу) хабарлаймын.

Сіз үкіметтік емес ұйымның мүшесі (қатысушысы), құрылтайшысы (керегінің астын сыйзу) болып табыласыз ба (егер солай болса, онда үкіметтік емес ұйымның атауын  
көрсетіңіз):\_\_\_\_\_

---

Сіз басқару органдың мүшесі, үкіметтік емес ұйымның басшысы болып табыласыз ба (егер солай болса, онда басқару органдың, үкіметтік емес ұйымның атауын және атқаратын лауазымыңызды көрсетіңіз):  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

Соңғы үш жыл ішінде Сіз үкіметтік емес ұйымнан көрсетілген қызметтер немесе тікелей қаржылық қолдау үшін төлем алдыңыз ба (егер алсаныз, онда нақты қандай қызметтер және үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

Сізде үкіметтік емес ұйымның жұмыскерлерімен жақын туыстық байланыстарыңыз бар ма (егер солай болса, жұмыскердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде), ол жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымның атауын, туыстық деңгейін көрсетіңіз):  
\_\_\_\_\_

---

Сізде басқа ықтимал мұдделер қақтығысы бар ма (егер болса, көрсету керек):  
\_\_\_\_\_.  
\_\_\_\_\_.

Мен мұдделер қақтығысына қатысты саясатты түсінетінімді және аталған хабарламаны толтыру кезінде сенімді ақпарат беретінімді растаймын.

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

Қолы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу  
мониторингі және нәтижелерін  
бағалау қағидаларына  
7-қосымша

### Сараптамалық кеңес мүшесінің бағалау парагы

	Жобаның атандырылған атасы				
	Өнім берушінің атандырылған атасы				
	Сараптамалық кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің атасы (бар болған кезде): _____				
	Толтыру күні _____				
№ р/с	Бағалауда өткізу мүшесінің атандырылған атасы	Бағасы (балы)	Түсініктеп беру/Түсініктемелер/ұсынымдар		
1	Әлеуметтік жобаларды орындау нәтижелері				
2	Әлеуметтік маңызы бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге әлеуметтік жобалардың он әсері				
3	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама шеңберінде басталған қызметті жалғастыру ықтималдығы				
4	Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелері бойынша үзак мерзімді он әлеуметтік әсердің ықтималдығы				
	Жиынында (балдарды есептеу)				

(қолы)  
\_\_\_\_\_

Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу  
мониторингі және нәтижелерін  
бағалау қағидаларына  
8-косымша  
Нысан

## **Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс нәтижелерін бағалау есебі**

"  
\_\_\_\_\_ (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласының атауы)  
"

"  
\_\_\_\_\_ (әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы)

№ р/с	Бағалау өлшемшарты	Сараптамалық кеңестің орташа бағасы	Түсініктер беру/ Түсініктемелер/ ұсынымдар
1	Әлеуметтік жобаларды орындау нәтижелері		
2	Әлеуметтік маңызы бар салалардағы мақсаттарға кол жеткізуге әлеуметтік жобалардың он әсері		
3	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама шеңберінде басталған қызметті жағастыру ықтималдығы		
4	Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелері бойынша ұзак мерзімді он әлеуметтік әсердің ықтималдығы		
	Жиынтында (балдарды есептеу)		

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларына  
9-косымша  
Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

20 \_\_\_\_ жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың мониторингі жөніндегі есеп

Есепті кезең: 20\_\_жыл

Индекс: МӘТМ-1

Кезеңділігі: жылына екі рет

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын мемлекеттік органдар.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ұсыну мерзімі: жартыжылдық қорытындылары бойынша 5 шілдеге дейін

(қоса алғанда) және жыл қорытындылары бойынша 5 ақпанға дейін (қоса алғанда)

№	Бюд жетті к багда рлам а әкім шісін ің атау ы	Әлеу метті к жоба ның атау ы	Жосп арлан ған сомас ы ( мың тенге )	Шарт сомас ы ( мың тенге )	Өлеу мет тік жоба ны іске асыр у проц есі және беру ші атау ы	Өнім шеру ші атау ы	Нәтижелерді бағалау*
					әлеу метті к жоба лард ы орын дау нәти желе рі	әлеуметтік маңызы бар салалардағы максаттарға қ о л жеткізуге әлеуметтік жобалардың он әсері	әлеуметтік жоба және ( немесе) әлеуметтік бағдарлама шенберінде басталған қызметті жалғастыру ықтималдығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1-сала. Білім беру, ғылым, ақпарат, дene шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу							
1							
2							
Жиы нынд а							



Жиы нынд а								
------------------	--	--	--	--	--	--	--	--

10-сала. Мәдениет пен өнерді дамыту

1								
2								

Жиы нынд а								
------------------	--	--	--	--	--	--	--	--

11-сала. Тарихи-мәдени мұраны қорғау

1								
2								
Жиы нынд а								

12-сала. Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту

1								
2								
Жиы нынд а								

13-сала. Өздерінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу

1								
2								
Жиы нынд а								

14-сала. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу

1								
2								
Жиы нынд а								

15-сала. Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу

1								
2								
Жиы нынд а								

16-сала. Волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау

1								
2								

Жиы нынд а								
17-сала. Өмірлік қызын жағдайда жүрген адамға (отбасына) көмек көрсету								
1								
2								
Жиы нынд а								
18-сала. Жануарларға жауапты қарауды қалыптастыру, оның ішінде жануарларға арналған панажайларды колдау								
1								
2								
Жиы нынд а								
19-сала. Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар салалар бойынша								
1								
2								
Жиы нынд а								

"20\_\_ жылға арналған  
 мемлекеттік әлеуметтік  
 тапсырыс шеңберінде іске  
 асырылатын және (немесе)  
 іске асырылған әлеуметтік  
 жобалардың және (немесе)  
 әлеуметтік бағдарламалардың  
 мониторингі бойынша есеп"  
 әкімшілік деректерді жинауга  
 арналған нысанға  
 қосымша

**"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске  
 асырылған әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар мониторингі  
 жөніндегі есеп" әкімшілік деректерін жинауга арналған нысанды толтыру жөніндегі  
 түсіндірме**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе)  
 іске асырылған әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар  
 мониторингі жөніндегі есеп" әкімшілік деректерін жинауга арналған нысанды (бұдан

әрі – Нысан) мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жылына екі рет 5 шілдеге дейін (қоса алғанда) және 5 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ұсынады.

2. Аталған нысанды жүргізудің негізгі міндептік мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың мониторингін жүзеге асыру болып табылады.

3. Нысанға бірінші басшы қол қояды, ал ол болмаған кезде оның міндептін атқарушы адам қол қояды.

## **2. Нысанды толтыру жөнінде түсіндірme**

4. Нысанның 2-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың салалары бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы көрсетіледі.

5. Нысанның 3-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың жоспарланған сомасы көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың шарттық сомасы көрсетіледі.

8. Нысанның 6-бағанында өнім берушінің атауы көрсетіледі.

9. Нысанның 7-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру процесі мен нәтижелері, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша есепті 5 ақпанға дейін ұсынған кезде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың оң әсері көрсетіледі.

10. \*Нысанның 8-бағаны жыл қорытындысы бойынша есепті 5 ақпанға дейін ұсынған кезде толтырылады және жоба нәтижелерін бағалау қорытындылары бойынша балдар көрсетіледі.